

## Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы 6 қазандағы № 314 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 11 қазанда № 24693 болып тіркелді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Көмірсутектер және жер қойнауын пайдалану салаларындағы мемлекеттік бақылау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрі

*М. Мирзагалиев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қорғаныс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық қауіпсіздік комитеті  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Экология, геология және  
табиғи ресурстар министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрі  
2021 жылғы 6 қазандағы  
№ 314 бұйрығына  
қосымша

## **Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

**1. Күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің м.а. 02.11.2021 № 333 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. "Шикі газды факелде жағуға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 25 сәуірдегі № 140 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16902 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 146-бабының 4-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Шикі газды факелде жағуға рұқсат беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Шикі газды факелде жағуға рұқсат беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексі

146-бабының 4-тармағына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және шикі газды факелде жағуға рұқсат беру тәртібін айқындайды.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Өтініш беруші құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда уәкілетті органның жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері алты жұмыс күні ішінде олардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін қарайды.

Ұсынылған мәліметтер дұрыс болған және олар осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда, уәкілетті органның жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде рұқсатты дайындайды не осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысанға сәйкес мынадай негіздер бойынша рұқсат беруден уәжді бас тартуды дайындайды және өтініш берушіге жібереді:

1) өтініш беруші рұқсатты алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігі анықталса;

2) өтініш берушінің және (немесе) ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) өтініш берушіге қатысты мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салатыны туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болса;

4) өтініш берушіге қатысты заңды күшіне енген сот шешімі болса, оның негізінде өтініш беруші мемлекеттік қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылса

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартқан жағдайда, уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш берушіге мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша ұстанымын бойынша білдіру мүмкіндігі үшін осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тыңдау өткізу уақыты мен орны туралы хабарламаны жібереді.

Тыңдау рәсімі ҚР ӘРПК-ның 73-бабына сәйкес жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша уәкілетті орган осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсат беру не осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шикі газды жағуға рұқсат беруден уәжді бас тартуды ұсыну арқылы рұқсат беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Уәкілетті орган және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану үшін шағым уәкілетті орган әкімшілік актіні қабылдағаны немесе

әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасағаны туралы өтініш берушіге белгілі болған күннен бастап 3 (үш) айдан кешіктірілмей беріледі:

шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға);

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға;

мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін уәкілетті орган басшылығының атына беріледі.

Өтініш берушінің шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін өтініш берушіге оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган қажет болған жағдайда шағымды қарау мерзімі 1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды тұлға шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген өтініш иесіне ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Шағым ҚР ӘРПК-ның 91-бабының 4-тармағына сәйкес келіп түскен жағдайда уәкілетті орган шағымды қарайтын органға ол келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жібереді. Уәкілетті орган қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда, шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Шағымды қарайтын органның шағымды қарау мерзімі шағым түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнін құрайды.";

мынадай редакциядағы 18-тармақпен толықтырылсын:

"18. Шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда, өтініш беруші шағымды қарайтын басқа органға немесе ҚР ӘРПК-ның 100-бабының 6-тармағына сәйкес сотқа жүгінеді.";

осы тізбеге 41-қосымшаға сәйкес Қағидаларға 5-қосымшамен толықтырылсын.

3. "Көмірсутектерді барлауды және (немесе) өндіруді жүргізу кезінде пайдаланылатын теңіз объектілерін теңізде және ішкі су айдындарында құру, орналастыру және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Энергетика министрінің 2018 жылғы 28 сәуірдегі № 151 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17066 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 157-бабының 5-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Көмірсутектерді барлауды және (немесе) өндіруді жүргізу кезінде пайдаланылатын теңіз объектілерін теңізде және ішкі су айдындарында құру, орналастыру және пайдалану қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Көмірсутектерді барлауды және (немесе) өндіруді жүргізу кезінде пайдаланылатын теңіз объектілерін теңізде және ішкі су айдындарында құру, орналастыру және пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 157-бабының 5-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" (бұдан әрі – Заң) Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және көмірсутектерді барлауды және (немесе) өндіруді жүргізу кезінде пайдаланылатын теңіз объектілерін теңізде және ішкі су айдындарында құру, орналастыру және пайдалану тәртібін айқындайды.

Осы Қағидалар сондай-ақ Кодекстің 154-бабының 13-тармағына сәйкес сақтық аймағында көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға да қолданылады.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Көмірсутектер саласындағы уәкілетті органның жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген уәкілетті органдардың жауаптарын алғаннан кейін 4 (төрт) жұмыс күні ішінде өтініштің Кодекстің және осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін қарайды, оң қорытынды болған кезде рұқсатты ресімдейді және өтініш берушінің порталдағы "жеке кабинетіне" жібереді не мынадай негіздер бойынша осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес рұқсат беруден уәжді бас тартуды дайындайды және өтініш берушіге жібереді:

1) өтініш беруші рұқсатты алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігі анықталса;

2) өтініш берушінің және (немесе) рұқсатты беру үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Кодексте және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;

3) мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін келісу туралы сұрау салуға уәкілетті мемлекеттік органның теріс жауабы, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы болса;

4) өтініш берушіге қатысты мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салатын заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болса;

5) өтініш берушіге қатысты заңды күшіне енген сот шешімі болса, оның негізінде өтініш беруші мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылса.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылған жағдайда, көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш берушіге мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдау өткізу уақыты мен орны туралы хабарлама жібереді.

Тыңдау рәсімі ҚР ӘРПК-ның 73-бабына сәйкес жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсат беру немесе осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша теңіз объектілерін құруға және орналастыруға рұқсат беруден уәжді бас тартуды ұсыну арқылы рұқсат беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану үшін шағым көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган әкімшілік актіні қабылдағаны немесе әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасағаны туралы өтініш берушіге белгілі болған күннен бастап 3 (үш) айдан кешіктірілмей беріледі:

шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға);

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға;

мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган басшылығының атына беріледі.

Өтініш берушінің шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін өтініш берушіге оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес көмірсутектер саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган қажет болған жағдайда шағымды қарау мерзімі 1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды тұлға шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген өтініш иесіне ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Шағым ҚР ӘРПК-ның 91-бабының 4-тармағына сәйкес келіп түскен жағдайда көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган шағымды қарайтын органға ол келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жібереді. көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда, шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Шағымды қарайтын органның шағымды қарау мерзімі шағым түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнін құрайды.";

мынадай редакциядағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

"8-1. Шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда, өтініш беруші шағымды қарайтын басқа органға немесе ҚР ӘРПК 100-бабының 6-тармағына сәйкес сотқа жүгінеді.";

осы тізбеге 5-қосымшаға сәйкес Қағидаларға 6-қосымшамен толықтырылсын.

4. "Көмірсутектер саласындағы тау-кен өндірістерін (көмірсутектер), мұнай-химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және (немесе) пайдалануға, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануға арналған лицензия" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 10 сәуірдегі № 139 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20383 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Көмірсутектер саласындағы тау-кен өндірістерін (көмірсутектер), мұнай-химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және (немесе) пайдалануға, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері

құбырларын пайдалануға арналған лицензия" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Көмірсутектер саласындағы тау-кен өндірістерін (көмірсутектер), мұнай-химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және (немесе) пайдалануға, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануға арналған лицензия" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Көмірсутектер саласындағы тау-кен өндірістерін (көмірсутектер), мұнай-химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және (немесе) пайдалануға, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануға арналған лицензия" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.";

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Аумақтық бөлімшенің қызметкері және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері сұрау түскен сәттен бастап 9 (тоғыз) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 28 қазандағы № 77 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9998 болып тіркелген) (бұдан әрі – Біліктілік талаптары) бекітілген көмірсутектер саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне сәйкестігін немесе сәйкес еместігін анықтайды, оның нәтижелері бойынша аумақтық бөлімшенің қызметкері және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері және көрсетілетін қызметті алушы қол қойған қорытындыны (бұдан әрі – Қорытынды) дайындайды.

Аумақтық бөлімше басшысының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы қорытынды портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге жіберіледі.

9. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің аумақтық бөлімшесі қызметкерінің және (немесе) көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің қорытындысын қарайды.

Осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартқан жағдайда көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушының ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін осы Қағидаларға 7-1-қосымшаға сәйкес тыңдау өткізу уақыты мен орны туралы хабарламаны жібереді.



Тыңдау рәсімі ҚР ӘРПК-ның 73-бабына сәйкес жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тартуды ұсыну арқылы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту не осы Қағидаларға 8 және 9-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны (бұдан әрі – лицензия және (немесе) лицензияға қосымша) беру туралы шешім қабылдайды.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесі басшысының ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.;

11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша мынадай:

1) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгерген;  
2) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы немесе заңды мекенжайы өзгерген;

3) заңды тұлға-лицензиатты бірігу, қайта құру, заңды тұлға-лицензиатты басқа заңды тұлғаға қосу, бөлініп шығу және бөлу нысандарында қайта ұйымдастырылған;

4) заңды тұлға-лицензиаттың атауы және (немесе) орналасқан жері өзгерген (лицензияда мекенжай көрсетілген жағдайда);

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгерген;

6) қызмет түрінің және (немесе) кіші түрінің атауы өзгерген жағдайда қайта ресімдеу жүзеге асырылады.

Егер жеке кәсіпкер-лицензиаттың заңды мекенжайының, заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жері мекенжайының, "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе объектілер көрсетілген лицензияға қосымшалар үшін объектісінің орналасқан жерінің мекенжайының өзгеруі "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес елді мекендер атауының, көше аттарының өзгеруіне байланысты болса, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінің 2), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда жүзеге асырылмайды.

Лицензиаттар мен лицензияларға қосымшаларда көрсетілген объектілердің мекенжайларының бұлай өзгеруі мемлекеттік ақпараттық жүйелерді интеграциялау арқылы жүзеге асырылады.

12. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы Қағидалардың 4-тармағының 2)

тармақшасында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың, мәліметтердің толықтығын және (немесе) ұсынылған құжаттардың тиісінше ресімделуін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын, мәліметтерді толық ұсынбаған және (немесе) ұсынылған құжаттар тиісінше ресімделмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген негіздер және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тартуды дайындайды.

Бұл жағдайда ҚР ӘРПК-ның 73-бабы 2-тармағы 3) тармақшасының негізінде тыңдау өткізілмейді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесі басшысының ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын, мәліметтерді ұсынған және (немесе) ұсынылған құжаттарды тиісінше ресімдеген жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы Қағидалардың 8 және 9-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны дайындайды.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесі басшысының ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсетуінің жалпы мерзімі өтінішті қабылдаған және тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.";

19 және 20-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану үшін шағым көрсетілетін қызметті алушының әкімшілік актіні қабылдағаны немесе әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасағаны туралы көрсетілетін қызметті алушыға белгілі болған күннен бастап 3 (үш) айдан кешіктірілмей:

шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға);

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға;

мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті беруші басшылығының атына беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті беруші оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган қажет болған жағдайда шағымды қарау мерзімі:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген өтініш иесіне ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Шағым ҚР ӘРПК-ның 91-бабының 4-тармағына сәйкес келіп түскен жағдайда көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға ол келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жібереді. Көрсетілетін қызметті беруші қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда, шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Шағымды қарайтын органның шағымды қарау мерзімі шағым түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнін құрайды.

20. Шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы шағымды қарайтын басқа органға немесе ҚР ӘРПК-ның 100-бабының 6-тармағына сәйкес сотқа жүгінеді.";

Қағидаларға 6-қосымша осы тізбеге 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;  
осы тізбеге 7-қосымшаға сәйкес 7-1-қосымшамен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
1-қосымша

**Ескерту. 1-қосымшаның күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің м.а. 02.11.2021 № 333 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаның күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің м.а.  
02.11.2021 № 333 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаның күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің м.а.  
02.11.2021 № 333 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
4-қосымша  
Шикі газды факелде жағуға  
рұқсат беру қағидаларына  
5-қосымша  
Нысан

## Хабарлама

\_\_\_\_\_ берілді  
(өтініш берушінің толық атауы)

Осы хабарламамен \_\_\_\_\_ МО  
(уәкілетті органның толық атауы)

Сіздің [өтінім күні] жылғы №[Өтінім нөмірі] өтінішіңізді қарап,  
көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган "Шикі газды факелде жағуға рұқсат  
беру" мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі бойынша алдын ала шешімге

\_\_\_\_\_ (өтініш берушінің толық атауы)

ұстанымын \_\_\_\_\_

(тыңдау өткізілетін күні, уақыты және орны)

білдіру мүмкіндігі туралы хабарлайды.

Уәкілетті орган басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (уәкілетті орган басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы)

Хабарлама жолданған күні  
және уақыты:  
20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_  
" \_\_ " сағат " \_\_ " мин

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін кейбір

бұйрықтарының тізбесіне  
5-қосымша  
Көмірсутектерді барлауды және  
(немесе) өндіруді жүргізу  
кезінде пайдаланылатын теңіз  
объектілерін теңізде және ішкі  
су айдындарында құру,  
орналастыру және пайдалану  
қағидаларына  
6-қосымша  
Нысан

## Хабарлама

\_\_\_\_\_ берілді  
(өтініш берушінің толық атауы)

Осы хабарламамен \_\_\_\_\_ МО

(уәкілетті органның толық атауы)

Сіздің [өтінім күні] жылғы № [Өтінім нөмірі] өтінішіңізді қарап,  
көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган "Теңіз объектілерін құру және  
орналастыруға рұқсат беру" мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі бойынша  
алдын ала шешімге \_\_\_\_\_

(өтініш берушінің толық атауы)

ұстанымын \_\_\_\_\_

(тыңдау өткізілетін күні, уақыты және орны)

білдіру мүмкіндігі туралы хабарлайды.

Уәкілетті орган басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (уәкілетті орган басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда ), лауазымы)

Хабарлама жолданған күні  
және уақыты:

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
"\_\_\_" сағат "\_\_\_" мин

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
6-қосымша

"Көмірсутектер саласындағы  
тау-кен өндірістерін  
(көмірсутектер), мұнай-химия  
өндірістерін жобалауға  
(технологиялық) және (немесе)  
пайдалануға, магистральдық газ  
құбырларын, мұнай  
құбырларын, мұнай өнімдері  
құбырларын пайдалануға

**"Көмірсутектер саласындағы тау-кен өндірістерін (көмірсутектер), мұнай-химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және (немесе) пайдалануға, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануға арналған лицензия" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі
2.	Көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін "электрондық үкіметтің" <a href="http://www.egov.kz">www. egov. kz</a> веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
3.	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	1) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны, оның ішінде лицензия және (немесе) лицензияға қосымша заңды тұлға-лицензиат бөліну және бөліп шығару түрінде қайта құрылған жағдайда берген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні. Көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған құжаттардың және (немесе) деректердің толықтығын тексереді. Ұсынылған құжаттардың және (немесе) деректердің толық болмау фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды береді; 2) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеген кезде, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуді қоспағанда, лицензия және заңды тұлға бөліну және бөліну түрінде қайта құрылған жағдайда – 2 (екі) жұмыс күні.
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған).
5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту.

6.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері

Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушыларға ақылы негізде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсеткен кезде көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша қызмет түрімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алым төленеді:

1) қызмет түрімен айналысу құқығы үшін лицензияны беру кезінде лицензиялық алым:

тау-кен өндірістерін (көмірсутектер) жобалауға (технологиялық) – 10 айлық есепті көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК);

тау-кен өндірістерін (көмірсутектер), мұнай-химия өндірістерін пайдалануға, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануға – 100 АЕК құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензияны беру кезіндегі мөлшерлеменің – 10 %-ын құрайды.

3) лицензияға қосымшаларды (лицензияға қосымшалардың телнұсқаларын) беру кезінде лицензиялық алым алынбайды.

Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол ақшалай және қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады.

"Электрондық үкімет" веб-порталының және

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс графигіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

2) портал – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге

7.	көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигі	байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (қызмет алушы жұмыс уақыты аяқталған соң, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).
		<p>1) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық түрде алу үшін жеке және заңды тұлғаның өтінішін; ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесін (лицензияға қосымша алу кезінде талап етілмейді); көмірсутектер саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне мәліметтер нысанын;</p> <p>2) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық түрде қайта ресімдеу үшін жеке және заңды тұлғаның өтінішін; ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесін (лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде талап етілмейді); алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда,</p>



8.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар мен мәліметтердің тізімі

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың көшірмесін;

заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде – көмірсутектер саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне мәліметтер нысанын.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, дара кәсіпкер ретінде тіркеу туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы, лицензия туралы, алым сомасын бюджетке төлеу туралы анықтаманы (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Шетелдік заңды тұлға, шетелдік немесе азаматтығы жоқ тұлға болып табылатын көрсетілетін қызметті алушы заңды тұлға үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін) болмаған кезде көрсетілетін қызметті алушы туралы ұқсас мәліметтерді қамтитын басқа да құжаттарды ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

1) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу

9.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

кезінде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер:

Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған;

лицензиялық алым енгізілмеген; өтініш беруші (көрсетілетін қызметті алушы) біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;

лицензиар (көрсетілетін қызметті беруші) тиісті келісуші мемлекеттік органнан өтініш берушінің лицензиялау кезінде қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні туралы жауап алған; өтініш берушіге (көрсетілетін қызметті алушыға) қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған;

сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот өтініш беруші-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған; өтініш беруші (көрсетілетін қызметті алушы) лицензия алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталған жағдайларда жүзеге асырылады;

2) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін құжаттарды ұсынбау немесе тиісінше ресімделмеуі негіз болып табылады;

3) заңды тұлға-лицензиат бөлініп шығу және бөліну нысандарында қайта ұйымдастырылған жағдайда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болып табылады:

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта

		<p>ресімдеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған немесе тиісінше ресімдемеген жағдайда; өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген; егер лицензия және (немесе) лицензияға қосымша заңды тұлғаларды-лицензиаттарды бөлу нәтижесінде жаңадан пайда болғандардың ішіндегі басқа заңды тұлғаға бұрын қайта ресімделген жағдайда.</p>
10.	<p>Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін көрсету ерекшеліктерін ескерумен қойылатын өзге де талаптар</p>	<p>1) мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары: <a href="http://www.gov.kz">www.gov.kz</a> Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдар интернет-ресурстарының бірыңғай платформасының "Энергетика министрлігі" деген бөлімі "Қызметтер" деген кіші бөлімінде; порталда орналастырылған.</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинет", сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс-орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар;</p> <p>4) портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде нашар көретіндерге арналған нұсқа қолжетімді;</p> <p>5) мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары <a href="http://www.gov.kz">www.gov.kz</a> Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдар интернет-ресурстарының бірыңғай платформасының "Энергетика министрлігі" деген бөлімінде көрсетілген. Мемлекеттік</p>

қызметтерді көрсету мәселелері  
жөніндегі Бірыңғай  
байланыс-орталығы 1414, 8 800  
080 7777.

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
7-қосымша  
"Көмірсутектер саласындағы  
тау-кен өндірістерін  
(көмірсутектер), мұнай-химия  
өндірістерін жобалауға  
(технологиялық) және (немесе)  
пайдалануға, магистральдық газ  
құбырларын, мұнай  
құбырларын, мұнай өнімдері  
құбырларын пайдалануға  
арналған лицензия" мемлекеттік  
қызмет көрсету қағидаларына  
7-1-қосымша  
Нысан

## Хабарлама

\_\_\_\_\_ берілді  
(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы)  
Осымен \_\_\_\_\_ МО  
(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)  
Сіздің [өтінім күні] жылғы № [Өтінім нөмірі] өтінішіңізді қарап,  
көрсетілетін қызметті беруші "Көмірсутектер саласындағы тау-кен өндірістерін  
(көмірсутектер), мұнай-химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және  
(немесе) пайдалануға, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай  
өнімдері құбырларын пайдалануға арналған лицензия" мемлекеттік қызметті  
көрсету  
нәтижесі бойынша алдын ала шешімге \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы)  
ұстанымын \_\_\_\_\_  
(тыңдау өткізілетін күні, уақыты және орны)  
білдіру мүмкіндігі туралы хабарлайды.  
Қызметті берушінің басшысы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(көрсетілетін қызметті берушінің басшысының тегі, аты, әкесінің аты  
(болған жағдайда), лауазымы)

Хабарлама жолданған күні

және уақыты:

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

" \_\_ " сағат " \_\_ " мин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК